

УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОР – мемлекет мен қоғам арасындағы басты дәнекер



Түркістан қаласында облыс прокуратурасының бастауымен алғаш рет 500 ауданаралық учаскелік полиция инспекторларының қатысуымен жиын өтті. Жиынға облыс әкімі Нұралхан Көшеров, облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев, полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденов және басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жергілікті атқарушы орган мен БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде учаскелік инспекторлардың рөлін арттыру, тәжірибе алмасу және құқықтық тәртіпті нығайту. Жиынға қатысушылар учаскелік полиция қызметінің өзекті мәселелерін, қылмыстың алдын алу тетіктерін және азаматтармен тиімді өзара іс-қимыл жолдарын талқылады.

(Жалғасы 2-бетте)

«ӘРБІР ЖОБАНЫҢ ТҮРҒЫНДАРҒА ПАЙДА ӘКЕЛГЕНІ МАҢЫЗДЫ»

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету мақсатында құрылған алғашқы әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының (ӘКК) құрылғанына биыл 15 жыл толды. Бүгінгі таңда мұндай құрылымдар барлық аймақтарда жұмыс жасауда. Соның бірі – Алматы облысындағы «Қонаев» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы». Осыған орай корпорация төрағасы Мұрат Абдығұловпен сұхбаттасқан едік.

– Мұрат Кеңесұлы, өзіңіз жетекшілік ететін «Қонаев» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы қызметіндегі негізгі басымдықтар қандай?

– Біздің басты мақсатымыз – өңірдің кешенді әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру. Бұл ауыл шаруашылығын қолдауды, инфрақұрылымды дамытуды, халықтың өмір сүру сапасын арттыруды және жаңа жұмыс орындарын құруды қамтиды. Біз мемлекеттік бағдарламалар аясында да, жеке инвестицияларды тартуға бағытталған бастамалар бойынша да белсенді жұмыс істеп келеміз.

– Тұрғындары түгелдей дерлік ауылдық елді мекендерде тұратын облыста ауылдық аумақтарды қолдауда қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіздер?

– Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша 2023 жылдың мамырынан бастап мыңнан астам несие берілді. Биыл бірінші жартыжылдықта тағы 188 несие рәсімделді. Бұл ауыл кәсіпкерлеріне 36 мыңнан астам мал, ауыл шаруашылығы техникасын және шағын бизнеске арналған жабдықтар сатып алуға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

(Жалғасы 5-бетте)

Некені біржақты бұзу тәртібі

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 16 шілдедегі ҚР Заңы негізінде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекске түзетулер енгізді.

Бұл түзетулер қылмыстық қудалау органының халықаралық іздестіру жариялау туралы қаулысын сот санкциялаған күннен бастап үш жылдан астам халықаралық іздестіруде болса (ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан), ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші

органдарда некені бұзу мүмкіндігін көздейді.

Басқаша айтқанда, егер ерлі-зайыптылардың бірі сот санкциясынан кейін үш жылдан астам уақыт бойы халықаралық іздеуде болса неке біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

Енгізілген өзгерістер 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Осы өзгерістерді іске асыру



мақсатында қазіргі уақытта заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, оларға өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізу жоспарлануда, сондай-ақ азаматтық хал актілерінің күшін жою және қалпына келтіру қағидалары өзектендірілуде (Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №112 бұйрығы).

Осылайша, енгізілген өзгерістер неке-отбасы қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіруге, сондай-ақ жұбайлардың бірінің орналасқан жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі

3-бет



Егер заңға тіл бітсе, ол ең алдымен заңшылдарды айыптар еді

4-бет



Бастамалар әлемдік саясатта басымдыққа ие

8-бет



Жоғалған мәйіт

СОТ – ӘДІЛДІК АЛАҢЫ

Сот – мемлекеттегі биліктің бір тармағы. Елдегі қауіпсіздік пен әділдіктің, тұрақтылық пен теңдіктің, заңдылық пен тура-лықтың өлшемі де – сот. Сондықтан да отандық соттың дамуы-на, жұмысының жандануына үнемі көңіл бөлініп келеді.

Үздіксіз жүргізілген реформалар мен дәстүрлі түрде қолға алынған жаңғыртулардың арқасында отан-дық соттың беделі биік, мәртебесі жоғары. Оны жыл сайын жүргізілетін сауалнамалардан, азаматтар пікірі-нен анық аңғаруға болады. 2025 жылғы сәуір-мамыр айларында Қа-зақстан Республикасы Ұлттық ста-тистика бюросы жүргізген зерттеу нәтижелеріне сай, бойынша, ха-лықтың 60,5 пайызы сот жүйесіне сенім білдіретінін айтқан. Ішінара сенетіндер 28,5 пайызды құраса, сенбейтіндер 5,4 пайыз көлемінде. Бұл көрсеткіштер алдыңғы жылдар-мен салыстырғанда азаматтардың сот жүйесіне деген сенімнің бірша-ма артқанын айғақтайды. Ал мұн-дай сенімінің артында үлкен еңбек, үздіксіз ізденіс, ұжымның жанкешті еңбегі тұрғаны айтпаса да белгілі.

Соттың беделінің биік болуы сот құрылымына жасалған мемлекет-тің қамқорлығына, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесінің жоға-рылығына байланысты. Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде осы бағытта үлкен реформалар жаса-лып, ауқымды өзгерістер орын алды. Заңдарға толықтырулар енгізіліп, сот жұмысының дұрыс жүйеге түсуі-не жағдай жасалды. Соның арқасын-да кешегі сот пен бүгінгі соттың арас-ы жер мен көктей. Конституцияға енгізілген жаңғыртулар нәтижесін-де судьялардың саяси партияларға мүше болуына тыйым салынды. Сондай-ақ судьяларды тағайындау және қызметінен босату Жоғары Сот Кеңесінің құзыретіне беріліп, судьяларға қатысты арнайы тергеу әрекеттерін жүргізуге рұқсат беру өкілеттігі тек Бас прокурорға тапсы-

рылды. Осының өзі бұл құрылымның тәуелсіздігін бекітіп, мәртебесін ай-шықтай түсті.

Әсіресе кассациялық соттардың құрылуы – құрылымдағы басты жаңа-лықтың бірі. 2025 жылдың 1 шілдесі-нен бастап жұмысын бастаған үш дербес кассациялық сот төреліктің сапасын арттырып қоймай, азамат-тардың сот арқылы қорғану құқығын кеңейтіп, халықтың сенімін нығай-туға ықпал етуді көздейді.

Осы ретте қазақстандық соттағы сандық технология жетістіктерімен мақтансақ артық болмайды. Біздің сот жаңа технология жетістіктерін жетік меңгеріп қоймай, тәжіри-беде тиімді қолдана білуімен де шетелдік әріптестерге үлгі болып отыр. Цифрландыру бағытындағы ауқымды ізденістердің арқасында істерді судьяларға бөлу, судьялар қызметін бағалау процесі авто-маттандырылды. Сот процестерін онлайн трансляциялау тәжірибесі енгізіліп, сот жүйесінің ашықтығы артты. «Сот кабинеті» қосымша-



Алуа БЕКТУРГАНОВА,
Астана қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ЖАРИНАМА

ӘРТУРА

3. «ЖК Vertex Garden» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 040440000328) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 49-үй, 145-бөлме, тел. +7 700 781 88 99.

11. Орал қаласының № 2 сотына 2021 жылғы тамызда БҚО тумасы, 09.08.1972 жылы туған Виталий Александрович Лаврищевті қайтыс болды деп тану туралы өтініш түсті. Өтініш беруші Орал қаласы, Иван Ларин көшесі, 2/2, 90-пәтер мекен-жайында тұратын Владимир Александрович Лаврищев болды.

Виталий Александрович Лаврищевтің орналасқан жері мен тұратын жерін білетін адамдар үш ай мерзімде: Орал қаласы, Иван Ларин көшесі, 2/2, 90-пәтер, Владимир Александрович Лаврищевке немесе тел. 8 708 248 59 81, немесе Орал қаласы-ның №2 сотына, судья Б. Б. Басырбаевқа хабарлассын.

17. «LPG Дистрибьюшн» ЖШС (БСН 061140001679) өзі-не «RR2» ЖШС-ін (БСН 151040027093) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабар-ландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекен-жайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010000, Байқоңыр ауданы, Өндіріс тұрғын алабы, Өндіріс көшесі, 89/3 үй.

18. «RR2» ЖШС (БСН 151040027093) өзінің «LPG Дистри-бьюшн» ЖШС-не (БСН 061140001679) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабар-ландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекен-жайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050013, Бостандық ауданы, Бағанашыл ықшам ауданы, Зеленая көшесі, 16-үй, тел. +7 775 556 36 22.

19. Туберкулез жұқпалы ауруының ошақтарында дезин-фекциялық іс-шаралар жүргізу

Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қа-быну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру.

Туберкулез ауруы тіркелген жағдайда науқас ауруханаға жатқызылғаннан кейін жергілікті санитариялық-эпидемио-логиялық бақылау басқармасынан дезинфекция орталығына қорытынды дезинфекция жұмыстарын жүргізуге тапсырыс түседі. Дезинфекция орталығы мамандары арнайы дезинфек-циялық дәрілерді және құрал-жабдықтарды қолдана отырып ауру ошақтарында қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. Науқастың төсек жабдықтары мен науқаспен жанас-қан тағы да басқа заттар арнайы қапқа салынып, дезинфекци-ялық камерасында 30 минут залалсыздандырылады.

**ҚР ДСМ СЭБК
«ҰСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция
орталығы» Сауран ауданындағы дезинфекциялық
секторының нұсқаушы дезинфекторы
А.К.СЕЙСЕНБАЕВНА**

«Тобольский элеватор» ЖШС-ның (БИН 041040000742) атқарушы органы (бұдан әрі - «Тобольский элеватор» ЖШС) осы арқылы 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкер-шілігі бар серіктестіктер туралы» №220-1 заңының 46-бабына сәйкес, «Тоболь-ский элеватор» ЖШС қатысушыларын кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлайды. Жиналыс 2025 жылғы 22 қыркүйекте сағат 10.00-де Қоста-най облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Тобыл кенті, Элеваторная көшесі, 6 үйде өтеді. Пошта индексі: 111715. Жалпы жиналыстың түрі: кезектен тыс.

Жиналысты өткізу нысаны мен тәртібі: күндізгі нысан, жалпы жиналыстың төрағасын, хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру: Жалпы жи-налыстың әрбір қатысушысы бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының көпшілік дауысына қарай қабылданады.

Күн тәртібінде: «Тобольский элеватор» ЖШС-нің жер учаскесінде орна-ласқан кадастрлық нөмірі 12:189: 005: 104, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Тобыл кенті, Элеваторная көшесі, 6 үй мекенжайында орналасқан (ҚР0201300726338209) тұрғын емес мүлктік кешенді; сондай-ақ осы мекенжай-дағы кадастрлық нөмірі 12:189: 005:140 жер учаскесінде орналасқан темір жол кірме жолы тұрғын емес мүлдікті кешенді иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау.

Күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын енгізгісі келетін «Тобольский элеватор» ЖШС қатысушылары жалпы жиналыс ашылғанға дейін он күннен кешіктірмей ұсыны-старын Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Тобыл кенті, Элеваторная көшесі, 6 үй, пошта индексі: 111715 мекенжайына жібере алады. Тел. +7 (71436) 21270.

ТАРАТУ

4. «Аяжан Сауда» ЖШС (БСН 191240000313) өзінің тараты-латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-дыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекен-жай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Ескі әуежай көшесі, 2/1 ғимарат.

8. «Сплендора» ЖШС (БСН 220940027237) өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар осы ха-барландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050060, Алматы қала-сы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 366-үй, т.е.б.6. Тел. 8 701 305 79 38.

9. «BESAN BESIN SANAYI VE TICARET ANONIM SHIRKETI (БЕСАН БЕСИН САНАИ ВЕ ТИКАРЕТ АНОНИМ ШИРКЕТИ)» Қазақстан Республикасындағы филиалы, БСН 101241013047 (ҚР, 050016, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 160А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 53-үй, 602-кеңсе, тел. +7 777 677 9827.

15. «MOST» МҰ» ЖШС (БСН 210741000915) өзінің тараты-латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-дыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына ме-кенжайда қабылданады: 070003, Өскемен қаласы, Серикбаев көшесі, 1 ұ.1 ж. 319-кеңсе, тел. 8 705 2321790.

16. «Qaganat Stroy Group» ЖШС (БСН 240740021086) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарланды-ру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Абай даңғылы, 23, н.1а, тел. 8 708 425 1372.

ЖОҒАЛТУ

13. «Бастаушы-AGRO» ЖШС, БСН 131240015370, жоғалған мөрі жарамсыз деп есептелсін.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5922 дана
Апталық таралым 11844 дана

Тапсырыс №123 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31